

Қазақ тілі. 3 сынып



Сабақ тақырыбы:

Бастауыш



Мақсаты

Білімділік: Сөйлем мүшелері туралы алған білімдерін нысықтау, бастауыштың сөйлемде атқаратын қызметіне түсінік беру.

Дамытушылық: Оқушылардың ақыл-ойын, байқағыштық қабілеттерін, сөздік қорын дамыту.

Тәрбиелік: Балаларды ана тілін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу және әдептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.



Сабақтың барысы





Психологиялық дайындық

*Қазақ тілім - өз тілім, ана тілім,
Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім,
Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,
Болашағым бақытым дара тілім.*






Сөзжұмбақты шешу



1. Жылт-жылт еткен, жырадан өткен.
2. Тәтті, тәттінің іші қатты, қаттының іші тәтті.
3. Кішкентай ғана бойы бар, айналдырып киген тоны бар.
4. Қанаты жоқ ұшады, аяғы жоқ қашады.
5. Ти десем, тимейді, тиме десем тиеді.
6. Отқа жанбас, суға батпас.






Үй тапсырмасын тексеру

- 1. Сөйлем дегеніміз не?*
- 2. Сөйлемнің соңына қандай тыныс белгілері қойылады?*
- 3. Сөйлем мүшелері деп қандай сөздерді айтамыз?*





Әрбір сөйлемде неше сөз барын анықта. Әр сөздің үстіне оған қойылатын сұрақты жаз.



Ұстаздан шәкірт озар.

Еңбек өмірді ажарлайды.



Ребусы шешу

Б



”””



””””



Ы




””

Бастауыш

Жаңа сабақ


Бастауыш



*Қарашаның он жетісі
Сынып жұмысы
Бастауыш*




Дәптермен жұмыс



Көркем жазу






Оқулықпен жұмыс

22-жаттығу

Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Жел соқты. Бұлт қоюланды. Жаңбыр себеледі. Оқушы оқыды. Малшы бақты.

- Қарамен жазылған сөздердің астын сыз, оларға сұрақ қой.
- Бұл сөздер қимыл иесі болып тұрғанын байқа.



Оқулықпен жұмыс

23-жаттығу

Сөйлемдерді оқып, көшіріп жаз.

- Қимыл иесі болатын сөздердің астын сыз, оларға сұрақ қой.



Сәкен оқыды.



Лақ маңырады.



Мұз қатты.

Сергіту

Қане, сапты түзейік,
Тіземізді бүгейік.


Ыршып алға түсейік,
Ыршып артқа түсейік.

Көбелекше ұшамыз,
Отырамыз, тұрамыз.
Сергітуге мың алғыс!





Есте сақта!



*Қимыл, іс-әрекет иесін білдіретін сөзді **бастауыш** дейді. Бастауыштар кім? кімдер? не? нелер? кімі? несі? деген сұрақтарға жауап береді: Жәния дайындалды. Боран соқты. Ауылдан әкесі келді.*



24-жаттығу

Жұмбақтың шешуін тауып, жатқа жаз.

**Дала тегіс сарғайды,
Шаруа қысқа қамданды.
Күн қысқара бастады,
Тауға тұңғыш қар жауды.**

- Әр сөйлемдегі бастауышты тап.

боздайды



ақырады



мөңірейді




кісінейді



маңырайды



26 - жаттығу



*Адасқан бастауыштарды өз
орнына қойып, сөйлемдерді
көшіріп жаз.*



Мен сүйемін жерім менен елімді,

Көкейімнен жыр арнасы төгілді.

Желтоқсаннан бастау алған теңдігі,

Қазағыма мен арнаймын сөзімді.

25-жасаттыгу

Өленді көшіріп жаз.

Төсегіне күн жатты,
Жердің бетін түн жапты.
Маужырады шын-күздар,
Көзін ашты жұлдыздар.
Жылқы жусап далада,
Қой ұйықтады қорада.

- Әр сөйлемдегі бастауышты тауып, астын сыз.
Оларға сұрақ қой.

Саны бар атаулар



28-жаттыгу

- Сурет бойынша әңгіме кұра.
- Жазған сөйлемдеріңнен бастауышты тап.





Үйге тапсырма



*Күнделікті енді ашайық,
Үй тапсырмасын жазайық,
Бастауыш туралы алған білімді,
Ұмытпай есте сақтап алайық.*



27 – жаттығу.